

## 1 бөлім

*Ұсынылған жауап нұсқаларынан бір дұрыс жауап таңдалатын  
тест тапсырмалары*

### Егіз қыз.

АҚШ-та біржұмыртқалы егіз қыздарды кішкентай кездерінде әртүрлі отбасы асырап алған. Олар бір-біріне қатты ұқсаушы еді. Олардың біреуі оңтүстік штатта, екіншісі солтүстік штатта өскен. Жиырма бір жылдан кейін екеуі кездескен. Сол кезде оңтүстікте өскен қыздың бетіне секпіл шыққан, ал солтүстік штатта өскен қыздың бетінде секпіл болмаған. "Секпіл шығу" гені егіз қызда да болмаған.

1. Оңтүстікте өскен қыздың бетіне секпіл шыққан
  - А) ультракүлгін сәуле әсерінен
  - В) құрғақ ауа әсерінен
  - С) үнемі желдің соғуынан
  - Д) химиялық зат әсерінен
  - Е) генінде болған
2. Бір жұмыртқалы егіздің екіжұмыртқалы егіздерден айырмашылығы
  - А) гендік белгінің айқындығы
  - В) ДНҚ –ның әлсіздігі
  - С) трансплантациялауға қолайлылығы
  - Д) бір-біріне ұқсамауы
  - Е) секпілдің шығуы
3. Егіз қыздардың бір-біріне қатты ұқсау себебі
  - А) ДНҚ молекулаларына байланысты
  - В) сыртқы орта әсері
  - С) геннің әлсіздігі
  - Д) екі жұмыртқалы
  - Е) бір жұмыртқалы
4. Солтүстіктегі қыздың бетінде секпілінің болмауы
  - А) ДНҚ-ның құрамы
  - В) хромосомалық жағдай
  - С) күн сәулесінің аз түсуі
  - Д) салқын ауаның басымдылығы
  - Е) құрғақ желдің басымдылығы
5. Солтүстік штатта өскен қыздың оңтүстік штатта өскен қыздан айырмашылығы
  - А) қоңырқай жүзділігі
  - В) дөңгелек жүзділігі
  - С) бетінде меңнің көптігі
  - Д) бетінде секпілдің болмауы
  - Е) шашының қаралығы

### **Тыныс алу, тыныс шығару механизмдері.**

Бүгінгі пациенттің тыныс орталығында жөтелу, түшкіру сияқты қорғаныш рефлекстері болды. Оған химиялық (иістер) немесе механикалық (шаң-тозаң, шырыш) тітіркендіргіштер себеп болған. Қозу мұрын қуысындағы рецепторлар көмей немесе бронхыда пайда болуы мүмкін. Бұлшық еттер(қабырғааралық және көкет) күрт жиырылады да, нәтижесінде мұрын(түшкіру) немесе ауыз(жөтел) арқылы бірден тыныс шығарады. Егер тітіркену себебі жойылмаса, рефлекстер қайталануы мүмкін. Симпатикалық жүйке жүйесі әсер еткен кезде тыныс жиілейді, ал парасимпатикалық жүйке жүйесі кезінде тежеледі.

1. Пациенттің тыныс орталығында тітіркену себебі жойылмаса, қайталанатын қорғаныш рефлекстері
  - A) температура
  - B) мұрыннан су ағу
  - C) ауырсыну
  - D) бас ауру
  - E) жөтелу
2. Түшкіріп, жөтелгенде күрт жиырылатын бұлшық ет түрі
  - A) біріңғай салалы бұлшықет
  - B) өкпе маңы мен кеуде бұлшықеті
  - C) кеуде бұлшықеттері
  - D) көкет және өкпе маңы бұлшықеті
  - E) қабырғааралық және көкет
3. Пациентте қозу рецепторлары пайда болған мүшесі
  - A) кеңсірік
  - B) өңеш
  - C) мұрын
  - D) өкпе
  - E) жұтқыншақ
4. Пациентке әсер етуі мүмкін тітіркендіргіш
  - A) биогендік
  - B) физикалық
  - C) рецепторлық
  - D) абиогендік
  - E) механикалық
5. Тыныс алудың тежелуіне әсер ететін жүйке жүйесі
  - A) симпатикалық жүйке жүйесі
  - B) парасимпатикалық
  - C) жұлын
  - D) орталық жүйке жүйесі
  - E) нейрогуморальды

## 2 бөлім

Ұсынылған жауап нұсқаларынан бір немесе бірнеше дұрыс жауаптар таңдалатын тест тапсырмалары

1. Кез келген өндірісте болатын қалдық(-тар)
  - A) абиотикалық
  - B) өндірістік
  - C) химиялық
  - D) биологиялық
  - E) технологиялық
  - F) биотикалық
  - G) антропогендік
  - H) физикалық
2. Жылу реттелу үдеріс(-тер)і
  - A) физиологиялық
  - B) анатомиялық
  - C) морфологиялық
  - D) физикалық
  - E) химиялық
  - F) модификациялық
  - G) экологиялық
  - H) биологиялық
3. Қасаң қабықтың қызмет(-тер)і
  - A) жарықты сындырады
  - B) жарықты өткізеді
  - C) заттың түсін ажыратады
  - D) көзді пигменттейді
  - E) жиырылғыштық
  - F) қоректендіреді
  - G) ұсақ бөлшектен қорғайды
  - H) рецепторлық
4. Өсімдіктердің сүзгілі түтікшелері арқылы тасымалданатын көмірсу(-лар)
  - A) клечатка
  - B) фруктоза
  - C) крахмал
  - D) муреин
  - E) сахароза
  - F) гликоген
  - G) целлюлоза
  - H) хитин

5. Байланысты жүзеге асыратын жасуша түрлері бойынша синапс түр(-лер)і

- A) қоздырушы
- B) нейрон-нейрон
- C) нейрон-дене
- D) нейрон-жасуша
- E) тежеуші
- F) нейрон-дендрит
- G) нейрон-бұлшықет
- H) нейрон-безді